

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 278 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 қазанда № 15871 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 265 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 19.07.2024 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 6-баптарына, "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 7-баптарына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына, "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 1) тармақшасына және 9-бабының 4-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің бір данасын "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін, сондай-ақ мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі*

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы 14 қыркүйек

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Орынбасары – Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мырзахметов

2017 жылғы 21 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2017 жылғы 25 тамыздағы
№ 278 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1. "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 11110 болып тіркелді, 2015 жылғы 10 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды Мемлекеттік корпорация, МӘС бөлімшесі арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі";

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Базалық зейнетақыны және жәрдемақыларды портал арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау тәртібі";

26-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Егер зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ІЭМ-ге қосымша құжаттарды қосып тіркеу қажет екені анықталса, уәкілетті орган ІЭМ-ді осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламамен Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды хабарлама немесе ұялы телефонға sms-хабарландыру алған күннен бастап жиырма бес

жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етеді. Sms-хабарландыру осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін sms-хабарландыру электрондық журналында тіркеледі. Қайта ресімдеу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.";

5-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Тұрғылықты жері өзгерген кезде зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі";

6-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды жүзеге асыру тәртібі";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

1) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоттары бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, оралманның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) ата-ана құқықтарынан және қамқоршыны (қорғаншыларды) құқықтарынан айыру (босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы), қамқоршыны (қорғаншыны) ауыстыру, оның ішінде қамқоршы бір медициналық-әлеуметтік мекемеден басқасына шығып кеткен жағдайда жаңа қамқоршыны (қорғаншыны) тағайындағанға дейінгі фактілер туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) зейнетақыларды және жәрдемақыларды алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

6) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына міндетті зейнетақы жарналарын (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын) аудару немесе азаматтың тірі екендігін растайтын ақпараттың келіп түсу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

7) қайтыс болған асыраушының балаларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне немесе немерелеріне күтім жасайтын адамдардың жұмысқа орналасу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) жасы он сегізден асқан асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушының оқу орнынан шығарылғаны туралы немесе оның сырттай оқу нысанына ауыстырылғаны, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

9) шетел адамның тұруға ықтиярхатын алғанға дейін Қазақстан Республикасы азаматтығынан айрылу немесе шығу фактісі анықталғаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап төлемдерді тоқтата тұрады.";

7-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі адамдарға зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі";

8-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Интернаттық және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу тәртібі";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Мемлекеттік корпорация мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Заңы) 6-бабының 1-1 және 1-2 тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде медициналық-әлеуметтік мекемеден (ұйымнан), оның ішінде орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінен алушының медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) кіргені (шыққаны) туралы ақпарат түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Заңының 6-бабының 1-1 тармағында белгіленген мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

9-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Қорытынды ережелер";

2-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

40-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11507 тіркелген, 2015 жылғы 20 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-ші тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

1-тарау. Жалпы ережелер";

көрсетілген бұйрықтың Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, тапсыруға және беруге арналған жүйе;

3) балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар мынадай түрдегі ақшалай төлемдер:

бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала туғанда берілетін жәрдемақы);

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала күтімі жөніндегі жәрдемақы);

мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);

он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – балаларға арналған жәрдемақы);

4) бала туғанда берілетін, бала күтімі жөніндегі және мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган (

бұдан әрі – уәкілетті орган) – уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері;

5) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы;

6) бірінші бөлім – жәрдемақының мөлшерін тағайындаумен, жаңартумен, өзгертумен және қайта қараумен және ағымдағы қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін өтініш берушінің тұрғылықты жерін ауыстыруымен байланысты төлемнің ағымдағы айға қажеттілігі енгізілмеген жәрдемақы сомасы;

7) дәйексіз құжат (қолдан жасалған) – дәйексіз (жалған) мәліметтерден тұратын түпнұсқадағы құжаттардың үлгілері бойынша жасалған құжат;

8) жәрдемақы алушы – бала туғанда берілетін жәрдемақы, бала күтімі жөніндегі жәрдемақы және (немесе) мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындалған өтініш беруші;

9) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйым – банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдары, "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

10) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

11) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары;

12) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі – медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құзыретті мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі;

13) отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

14) отбасының жиынтық табысы – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы сомасы;

15) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы – отбасы жиынтық табысының отбасының әрбір мүшесіне ай сайын келетін үлесі;

16) өтініш беруші – жәрдемақылар тағайындату үшін отбасы атынан жүгінетін адам;

17) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға жүгінген отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны;

19) электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

20) электрондық өтініш – электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

21) электрондық өтінім – бала туғанда берілетін жәрдемақы, бала күтімі жөніндегі жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы және балаларға арналған жәрдемақыны тағайындауға қажетті Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мәліметтер.";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Бала туғанда берілетін жәрдемақыға, бала күтімі жөніндегі жәрдемақыға жүгіну, оны тағайындау және төлеу тәртібі";

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыға жүгіну, оны тағайындау және төлеу тәртібі";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Мүгедек баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау үшін жәрдемақы алуға құқығы бар адамдар тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінеді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Жәрдемақы тағайындау үшін жәрдемақы тағайындауға құқығы бар адам өзінде жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) болған кезде өтінішке осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды қоса береді:

1) сәйкестендіру үшін өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі).

сондай-ақ оралмандар үшін – оралман куәлігі;

2) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) не туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме;

3) өтініш беруші деректерінің баланың тууы туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда неке қию (бұзу) туралы куәлігі;

4) балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілегендігін немесе асырап алу болған жағдайда – балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілегендігін немесе асырап алуды растайтын құжат;

5) өтініш берушінің және мүгедек баланың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

6) баланың мүгедектігі туралы анықтама;

7) жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат.

Жәрдемақылар тағайындау үшін тұрғылықты жерін растайтын құжаттарды, баланың (балалардың) тууы туралы куәлікті (куәліктерін) немесе Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша туу туралы акті жазбасынан үзінді көшірмені, Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша неке қию (бұзу) туралы куәлікті, балаға немесе бала асырап алушыға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеуді растайтын құжатты, сондай-ақ баланың мүгедектігі туралы анықтамалар, оларда қамтылған ақпаратты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған жағдайда талап етілмейді.

Түпнұсқаларда ұсынылған құжаттар сканерден өткізіледі және құжаттардың электрондық көшірмелері Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сымен куәландырылады, содан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатпен өтініш берушіге қайтарылады.

Балаға алғаш рет мүгедектік белгілеген кезде Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдар мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 тіркелген) бекітілген. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындауға, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша МӘС бөлімшесіне жүгінеді.";

мынадай мазмұндағы 45-1 тармақпен толықтырылсын:

"МӘС бөлімшесі жәрдемақы тағайындауға өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш беруші түпнұсқада ұсынған өтініштен және

құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса алғанда, құжаттардың топтамасынан тұратын электрондық өтінімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

Құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішті қабылдаған МӘС бөлімшесі маманның ЭЦҚ-сымен куәландырылады.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған кезде жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық журналда тіркейді.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келіп түскен электрондық өтінім осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келіп түскен азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.";

мынадай мазмұндағы 46-1, 46-2, 46-3, 46-4-тармақтармен толықтырылсын:

"46-1. Өтініш беруші "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жәрдемақы тағайындауға жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

46-2. Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және оны уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

46-3. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келіп түскен жәрдемақы тағайындау үшін ұсынылған электрондық өтініштер мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы, жәрдемақы тағайындау, төлеу, сондай-ақ, жәрдемақы тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;

2) он сегіз жасқа толған балаға қатысты тағайындалатын жәрдемақы, сондай-ақ баланың мүгедек болуы.

Жоғарыда келтірілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болған жағдайда өтінішті өңдеуге арналған кіріс хабарлардың журналына орналастыру жүргізіледі.

46-4. Мемлекеттік корпорация бөлімшесі "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберілген электрондық өтінішті қабылдаған кезде өтініш берушінің жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындауға электрондық

өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыға жүгіну, оны тағайындау және төлеу тәртібі";

осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакциядағы 8-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 55 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 15106 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Тізбенің 2-тармағының 3-қосымшасы осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Тізбенің 2-тармағының 4-қосымшасы осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айрылу жағдайы бойынша және
жасына байланысты берілетін
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақыларды, мемлекеттік
арнайы жәрдемақыларды
тағайындау және жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің
_____ облысы (қаласы) бойынша
департаменті

Өтініш

Азамат(ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: _____ жылғы " _____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген
:

Берілген күні: _____ жылғы " _____ " _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы: _____

облысы _____ қаласы (ауданы) _____

ауылы _____ көшесі (шағынауданы) _____ үй _____
_____ пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____

Маған, мүгедек балаға, қамқоршылықтағы адамға (қажетінің асты сызылсын)

(заңды өкілі өтініш берген жағдайда мүгедектігінің санаты, баланың немесе

қамқоршылықтағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туылған жылы

көрсетіледі) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

(қажетінің асты сызылсын) тағайындауды сұраймын.

Бұрын зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындалғанын/тағайындалмағанын (қажет

емесі сызылып тасталсын) хабарлаймын.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің

(оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің,

банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау

қажеттілігі туралы хабардармын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
-------	----------------	----------------------------	----------

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-

хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан

төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк

шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп

алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардармын.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күні: 20__ жылғы "_____" _____

Өтініш берушінің қолы _____

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(қию сызығы)

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға

жәрдемақыны тағайындау үшін _____ азаматтың өтініші қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған күні 20__ жылғы "_____" _____ (көрсетілетін

қызметті алу күні өтініш Мемлекеттік корпорация бөлімшесінде тіркелген күннен бастап)

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның

ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк

деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау

қажеттілігі туралы хабардармын.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айрылу жағдайы бойынша және
жасына байланысты берілетін
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақыларды, мемлекеттік
арнайы жәрдемақыларды
тағайындау және жүзеге асыру
қағидаларына
40-қосымша
Нысан

Код _____

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің _____

_____ облысы бойынша департаментінің 20__ жылғы "___" _____ № _____
_ шешімі

Қайтыс болған алушы ісінің № _____

1. Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау туралы (тағайындаудан
бас тарту туралы)

Азамат (ша) (заңды тұлғаға) _____

_____ (алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/заңды тұлғаның атауы)

Өтініш берген күні 20__ жылғы "_____" _____ № _____

_____ Азамат (ша) _____

_____ (қайтыс болған алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

қайтыс болған күні 20__ жылғы "_____" _____

Ұлы Отан соғысына қатысушы болған/болған жоқ (қажетінің асты сызылсын)

Жерлеуге арналған біржолғы төлем _____ жылғы "_____" _____

Қазақстан Республикасының Заңы _____-бабының _____-тармағына сәйкес тағайындалсын.

Жерлеуге арналған біржолғы төлемнің мөлшері _____
_____ теңге

_____ теңге

(сомасы жазбаша)

2. Жерлеуге арналған біржолғы төлемін тағайындаудан бас тартылсын

_____ (негіздеме)

М.О.

Департамент басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Маман _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Шешімнің жобасын дайындаған:

Мемлекеттік корпорация филиалының директоры

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация филиалының маманы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің бастығы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Балалы отбасыларға берілетін
мемлекеттік жәрдемақыларды
тағайындау және төлеу
қағидаларына
8-1-қосымша
Нысан

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға өтініш

Қазақстан Республикасы
Еңбек, әлеуметтік қорғау
және көші-қон комитетінің
_____ облысы (қаласы)
бойынша департаменті

Бөлімше коды: _____

Өтініш беруші туралы мәлімет (белгі қою): ата-ана __ қорғаншы (қамқоршы) __

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

ЖСН: _____

Маған республикалық бюджет қаражаты есебінен мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға

немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) ай сайынғы мемлекеттік

жәрдемақыны тағайындауды сұраймын.

Мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындалатын бала туралы

мәліметтер:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні: _____

**ескертпе: балалар туралы мәліметтерде өтініш берушінің отбасы құрамына кіретін барлық балалары мен жәрдемақы тағайындалатын бала туралы мәліметтер берілсін.*

Неке қию туралы мәліметтер:

P/c №	Некеге тұрғандар туралы мәліметтер				Некеге тұрғаннан кейінгі тегі			
	әке		ана		әке		ана	
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні

кестенің жалғасы

P/c №	Некені бұзу туралы мәліметтер:				Некені бұзғаннан кейінгі тегі			
	Неке бұзу туралы мәліметтер:		Некені бұзу туралы мәліметтер:		әке		ана	
	Неке бұзу туралы куәлікті берген орган	Неке бұзу туралы мәліметтер: Неке бұзушылар туралы жазбаның №	Неке қию туралы мәліметтер: Неке қию туралы куәлікті берген күн	Некені бұзу туралы мәліметтер: Некені бұзу туралы куәлікті берген күн	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні

кестенің жалғасы

P/c №	Өтініш берушіге асырауындағы адамға қамқоршылық/қорғаншылық туралы мәліметтер:				Қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туған күні			Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)			Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның туған күні					
	Некені бұзу туралы мәліметтер:		Некені бұзу туралы мәліметтер:		Некені бұзу туралы мәліметтер:		Некені бұзу туралы мәліметтер:		Қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туған күні			Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)			Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның туған күні	
	Некені бұзу туралы куәлікті берген орган	Некені бұзу туралы мәліметтер: Неке бұзу туралы куәлікті берген күн	Некені бұзу туралы мәліметтер: Неке бұзу туралы куәлікті берген күн	Некені бұзу туралы мәліметтер: Некені бұзу туралы куәлікті берген күн	Қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туған күні	Туған күні	Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның туған күні	Туған күні				

Асырап алу туралы АХАЖ-дан алынған мәліметтер:

P/c №	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушінің туған күні	Асырап алынған баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Асырап алған бала - ның туған күні	Құжатты берген органның атауы	Шешімнің №	Шешім шығарылған күн	Шешімнің заңды күшіне енген күні
-------	--	-----------------------------	--	------------------------------------	-------------------------------	------------	----------------------	----------------------------------

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың үлгісі: ағымдағы _____

ЕДБ деректемелері:

БЖК _____

ЖСК _____

БСН _____

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Телефоны _____ ұялы _____ E-mail _____

*Өтініш беруші және балалар бойынша мәліметтерді Әділетмині растайды (Әділетминінің ЭЦҚ-сы)

*қамқоршы/қорғаншы бойынша мәліметтерді БҒМ растайды (БҒМ ЭЦҚ-сы)

*Бала асырап алушы бойынша мәліметтерді АХАЖ (АХАТ ЭЦҚ-сы) растайды

*Мүгедектік белгіленгені туралы мәліметтерді МОДҚ растайды

*Өтініш берушінің банктік деректемелерін ЕДБ (ЕДБ ЭЦҚ-сы) растайды өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Ұсынылған құжаттардың дәйектілігі үшін құқықтық жауапкершілікте боламын.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтатылуына әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Өтініш берушінің ЭЦҚ-сы _____

Өтінішке қол қойылған күн және уақыт:

_____ жылғы _____ сағат ___ минут __ секунд _____

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ЖСН - жеке сәйкестендіру номері;
- 2) БЖК - банк жеке коды;
- 3) МӘС - медициналық-әлеуметтік сараптама;
- 4) ЕДБ - екінші деңгейдегі банк;
- 5) БСН - бизнес сәйкестендіру номері.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрі мен Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айрылу жағдайы бойынша және
жасына байланысты берілетін
мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемақыларды, мемлекеттік
арнайы жәрдемақыларды
тағайындау және жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш

Азамат(ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы " ____ " _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы: _____

_____ облысы

_____ қаласы (ауданы) _____

_____ ауылы

_____ көшесі (шағынауданы) _____ үй _____

_____ пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының №

Шот түрі: ағымдағы _____

Маған, мүгедек балаға, қамқоршылықтағы адамға (қажетінің асты сызылсын)

(заңды өкілі өтініш берген жағдайда мүгедектігінің санаты, баланың немесе қамқоршылықтағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туылған жылы

көрсетіледі) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

(қажетінің асты сызылсын) тағайындауды сұраймын.

Бұрын зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындалғанын/тағайындалмағанын (қажет

емесі сызылып тасталсын) хабарлаймын.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің

(оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің,

банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау

қажеттілігі туралы хабардармын.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан

төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк

шоты ашылған жағдайда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жол

берілмейді.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-

хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан

төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк

шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп

алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардармын.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күні: 20__ жылғы "___" _____

Өтініш берушінің қолы _____

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(қию сызығы)

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға

жәрдемақыны тағайындау үшін _____ азаматтың өтініші қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған күні 20__ жылғы "___" _____

(көрсетілетін қызметті алу күні өтініш Мемлекеттік корпорация бөлімшесінде тіркелген

күннен бастап)

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның

ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк

деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау

қажеттілігі туралы хабардармын.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі мен
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрі мен Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айрылу жағдайы бойынша
берілетін мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақыларды,
мемлекеттік арнайы
жәрдемақыларды тағайындау
және жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш

Азамат(ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы " ____ " _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы: _____

__ облысы

_____ қаласы (ауданы) _____

__ ауылы

_____ көшесі (шағынауданы) _____ үй _____

__ пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының №

Шот түрі: ағымдағы _____

Маған, мүгедек балаға, қамқоршылықтағы адамға (қажетінің асты сызылсын)

заңды өкілі өтініш берген жағдайда мүгедектігінің санаты, баланың немесе қамқоршылықтағы адамның тегі, аты, әкесінің аты және туылған жылы көрсетіледі)

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақыны

(қажетінің асты сызылсын) тағайындауды сұраймын.

Бұрын жәрдемақы тағайындалғанын/тағайындалмағанын (қажет емесі сызылып

тасталсын) хабарлаймын.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің

(оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету),
анкета деректерінің,

банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне
хабарлау

қажеттілігі туралы хабардармын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі
бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған
қорғаншыға жәрдемақы

тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге
келісім беремін.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі
бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған
қорғаншыға жәрдемақы

тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы
телефонға sms-

хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру
қорынан

төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу
үшін жеке банк

шоты ашылған жағдайда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп
алуға жол берілмейді.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

_____ өтініш берген күні: 20__ жылғы " ____ " _____

_____ Өтініш берушінің қолы _____

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(қию сызығы)

Азамат _____ өтініші мүгедектігі бойынша

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы,

мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы тағайындауға қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған күн: 20__ жылғы "___" _____ (көрсетілетін қызметті алу

күні өтінішті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркеген күннен бастап).

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған қорғаншыға жәрдемақы

мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің

(оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің,

банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлаудың

қажет екені туралы хабардармын.